

ӘОЖ 81'34

FTAMP 16.21.37

Р. Бейсетаев

б.ғ.к., Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар орталығы
Қарағанды, Қазақстан (e-mail: beisetayev@mail.ru)

**Ахмет Ясауи ілімі: қазақы мұсылмандық түсінік – ұлттық
дүниетаным, дәстүр мен құндылықтар**

Андатпа

Қазіргі жаһандану заманында қоғамның әлеуметтік құрылымы айтарлықтай өзгеріске түсті. Ұлттар мен этностар өзара саяси-экономикалық карым-катынас барысында бір-біріне рухани ықпал ету арқылы дамып отыр. Осыған байланысты этнос пен ұлт, таным мен дін, ұлттық тәрбие мен білім мәселелері этнология, этнография, әлеуметтану және философия ғылыминың өзекті зерттеу тақырыбына айналып отыр. Мақалада Ахмет Ясаудің түріктік сопылық мәдениетінің негізі қарастырылған. Бұл ғылым – қазақтың дәстүрлі мұсылмандық ұғымының, жалпы казак мұсылмандығының қалыптасуына негіз болды. Түрік қоғамында діни-рухани өзгеріс ұлттық дүниетаным, түсінік және дәстүр ұғымдарының исламдық сипатқа ие болуы арқылы жүзеге асуы жайлы сез болады. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи қалыптастырған казақтың дәстүрлі мұсылмандық түсінігінің бүгінгі жағдайы туралы ойын ортаға салады.

Кілт сөздер: Қазақ елі, Ислам діні, Қожа Ахмет Ясауи, сопылық ілім, қазақ мұсылмандығы, Тәңірлік дүниетаным, ұлттық дәстүр.

R. Beisetayev

Candidate of Biological Sciences, Center for Occupational Health and Occupational Diseases, Karagandy, Kazakhstan (e-mail: beisetayev@mail.ru)

Teaching of Ahmed Yassawi: Kazakh Concept of Islam – National Understanding, Tradition and Values

Abstract

In the current era of globalization, the social structure of societies has changed significantly. Nations and ethnic groups develop in each other through spiritual and political interaction. In this regard, issues of ethnicity and nationality, religion, national upbringing and education are becoming the subject of urgent research in the field of ethnology, ethnography, sociology and philosophy. The work examines the foundations of the culture of Turkic Sufism and Ahmed Yassawi. This teaching became the basis for the formation of the traditional Muslim concept of Kazakhs, and in general Kazakh Islam. In the Turkic society, religious and spiritual changes are realized through Islamic transformations of the national worldview, concepts and traditions. In addition, the current state of the traditional Kazakh Muslim concept created by Khoja Ahmed Yassawi is described.

Keywords: Kazakhstan, Islam, Khoja Ahmed Yassawi, Sufism, Kazakh Islam, Tengrian worldview, national traditions

Ұлы дала философиясы түрік халықтары тарихынан бастау алғып, бірге дамып, бірге қалыптасқаны белгілі. Қоңе заманнан бері ру-тайпа адамдары өздері ойлап тапқан әрі қалыптастырыған материалдық-рухани мәдениеттегі құндылықтарын мұра ретінде келер ұрпаққа қалдырып отырды. Біздің қазақ халқы да сан жүзжылдықта жасалып қалыптасқан асыл қазынасын келешек ұрпағына мақтан тұтып айтып жүретіндей, болашаққа сақтап жеткізетіндей өшпес мұра, аманат қылып қалдырыды. Бабаларымыздың алдына қойған басты мұраты – ұлттық дүниетанымды, салт-дәстүрді сақтау, материалдық-рухани құндылықтарды қадірлеу әрі қорғау болды. Ұлттық дүниетаным мен дәстүр қазақтың өмір тірлігі мен мәдениетінің барша саласында қалыптасқан.

Кеңестік заманда «түрік философиясы», «қазақ философиясы» немесе «мұсылман философиясы» секілді ұғым-терминдер болған жок. Олар туралы сөйлеу «қазақ ұлтшылдығы» айдарымен құғын-сұргінмен аяқталды. Кеңестік идеологияға сай, «философия қатаң зандылық пен принциптерге негізделген еуропалық академиялық ғылым». Десек те, XX ғ. аяғында КСРО-ның әлсіреуі философияға деген көзқарасты құрт өзгертті: философияның көпқырлылығы және оның азызбен, әдебиетпен, музыкамен, тілті дінмен тығыз байланыста дамитыны мойындалды. Негізін Ясауи қалаған сопылық түрік мәдениетімен, қазақы мұсылмандық түсінігімен, ұлттық қазақ философиясымен қауышуға жол ашылды. Қазақ халқы жадының мықтылығы арқасында өз болмысЫнан айырылмай, ұлттығы мен дәстүр сабактастығын сақтап қалды.

Қазіргі жаһандану заманында кез келген қоғамда әлеуметтік құрылым айтарлықтай өзгеріске түсті. Ұлттар мен этностар өзара саяси-экономикалық қарым-қатынас барысында бір-біріне рухани ықпал ету арқылы дамып отыр. Осыған байланысты этнос пен ұлт, таным мен дін, ұлттық тәрбие мен білім мәселелері этнология, этнография, әлеуметтану және философия ғылымының өзекті зерттеу тақырыбына айналып отыр.

Бұл мақаланы жазудағы басты мақсатымыз – жастарға Ахмет Ясауи құрган қазақы мұсылмандық ұғымы, оның философиялық, дүниетанымдық, мәдени, рухани ерекшеліктері туралы ақпарат беру. Сопылық ілімнің рәміздік тілінің мәдени және материалдық мұрадағы бейнесін көріп, ғибратына жастардың назарын аудармақпyz. Келесі мақсатымыз жастарға еліміздегі Ислам дінінің бүтінгі жаһандану заманындағы ахуалы туралы баяндау.

Ұлы дала философиясында көне түріктердің ғарыштық танымына сый әлемді жаратқан, жер бетіндегі барлық жанды мен жансыздың тағдырына иелік ететін құдай – Тәнір. Көк Тәнірі ұғымының терең философиялық және рухани-әлеуметтік мәні болды. Жастар жаратылысты тануға, өз халқының тарихын терең білу мен сыйлауға, әрі ата-бабаны құрмет тұтуға тәрбиеленді. Халықтың тілі, дүниетанымы мен түсінігі, рухани-материалдық мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ұлт жадында толық сақталған.

Қазақ жерінде халықтың көнеден басталатын Тәнірлік дүниетанымын, наным-сенімін, материалдық және рухани мәдениетін, отбасы әдет-ғұрпын дәстүрлі түріктік негізде сақтап Ислам дінін қалыптастыруды басты тұлға – ғұлама Қожа Ахмет Ясауи [1; 2] болды. Ол туралы қазақ энциклопедиялары жазды [3; 4]. Ахмет Ясаудің философиясы туралы Ә. Нысанбаев [5], Д. Кенжетаев [6; 7; 8, 47–53-б.; 9, 1–11-б.; 10, 3–10-б.], З. Жандарбек [11; 12, 23–35-б.], Ж. Алтаев [13], М. Мырзабеков [14, 36–40-б.] жан-жақты зерттеу жүргізді. Ахмет Ясауи дүниетанымының ұлт тұгастығы мен ұлттық тәрбиедегі рөлі туралы А. Мейірманов [15, 34–43-б.], М.С. Орынбеков [16], Ж.Б. Ошақбаева [17, 79–87-б.], Ә. Шәфік [18, 69–72-б.], Р. Бейсетаев, А. Жакин [19, 140–152-б.], ал оның фольклордағы орны туралы Б.С. Қорғанбеков [20] зерттеу жүргізді. Ясауиге арналған мәдени мұра туралы Ә.К. Муминов, Б. Қорғанбек т.б. [21], Д. Мұстапаева [22], А.Д. Мейірманов [23, 111-б.] және Р. Насыров [24] құнды еңбек жазды.

Көшпелі халықтың рулық-тайпалық одағын біріктіріп тұрған туыстық қандық-генетикалық байланыс әлсіреген заманда, «діни-идеялық-ұмметтік» мұсылмандық байланыстың қалыптасуына Ясаудің ілімінің ықпалы ерекше болды. Ғалым Д. Кенжетай: «Ясауи ілімі трансформациялық-трансляциялық тәсіл арқылы өз болмысын көрсететін дәстүрлі түркілік дүниетанымның аксиологиялық-мазмұндық тұлеуіне алып келді. Бұл процес ислам дінінің дәстүрлі түркілік дүниетаным кеңістігіне тарауы, сол мәдениет негізінде қалыптасқан мифологиясына, азыз-әнгімелері желісіне, жырдастандарына, қандық-туыстық шежірелеріне, жалпы мәдени құндылықтары негізіне жаңа рух, жаңа кеңістік бере білуімен қоса қабат жүріп жатты» [6; 7; 8, 47–53-б.; 9, 1–11-б.], – деп барша еңбегінде жазды.

Ахмет Ясауи 1102 (жаңаша 1103) мешін жылы Түркістан өніріндегі Сайрам (Исфиджаб) кентінде өмірге келіп, 1186 мешін жылы Түркістан (Ясы) қаласында 84 мүшелі жастан аса өмірден озған.

Сол заманда Исфиджаб кентінде исламдық фикх (құқық) мектебі ханафи мазхабының өкілдері өмір сүрген. Осыған орай, Ахмет Ясаудің сопылық ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты.

Әу баста аян түскен кезде фикх (құқық) болған жоқ. Оның негізі мен мазмұны Исламның Мәдіне кезеңінде қалыптасқан. Ислам құқық негіздері Жихад аймағының халқы меккеліктердің салт-дәстүрі мен ғұрпына негізделіп қалыптасты. Шешім қабылдаушы – Пайғамбар болды. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін әрі Ислам діні кең таралып, көптеген басқа халықтың мәдениетімен тоғысқан кезде Құран мен хадисте нақтыланбаған мәселелерге үкім шығаруға еркін ойдың шешімі қажет болды.

Орта Азиялық түріктердің Ислам дінін қабылдауы барысында осы мәселе тағы көлденең тұрды. Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі ұлы Дағын табиғатымен, ондағы көшпелі өмір салтымен тығыз байланыста қалыптасқан. Түрік халықтары ислам дінін қабылдау барысында Ахмет Ясаудің сопылық ғылымын халқымыздың көнеден бастау алатын дүниетанымын, түсінігін, рухани-материалдық мәдениетін, дәстүрін, отбасы ғұрпын жалпы түріктік негізде сақтап қалыптастыруы шешуші фактор болды. Ахмет Ясауи сопылық ілімінің құдіреті сонда, ол сан ғасырлық рухани құндылықтарды толық жойып жібермей, қайта жаңғыртып, жаңа Исламдық мән-мағынаға толтырды. Түрік жүрті өзінің дәстүрлі мәдени, рухани тамырының үзілмегеніне көзі жетіп, ислам дінін толық қабылдады. Көне түрік мұрасының ислам дінімен өзара үйлесуінің занды жемісі – қазақы мұсылмандық мәдениет болды.

Қазақы мұсылмандық түсінік Ахмет Ясаудің сопылық ілімі негізінде қалыптасты. Дәстүрлі түрік дүниетанымының негізі сыршылдық (мистика) екенін ескеріп, Ясауи сопылық ілімнің қазақ мұсылмандығының басты ерекшелігін қалыптастыру тәсілін ұғамыз. Ясауи іліміне сай, Ислам дінінің таралуында есқі ұстындар толық жойылмайды, ал жаңалары сәйкес түсінік, құндылық, ұғымдармен үндесіп, өзінің үйлесімді орнын табады.

Ислам дінінің негізгі ақиқаты бір құдайға – «Аллаға» ғана табыну. Исламның басты мақсаты – татулыққа, бірлікке үндеу. Ясауи адам баласы шындықтан бейхабар қалғанда өзінің болмысынан алыстай бастайтындығын айтады. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп білді. Д. Кенжетай: «Құранда жақсы мен жаман, арам мен адал жолдардың

негізгі ұстанымдары мен этикалық негіздері қамтылған. Суфи өзінің бойында осы моральдық құндылықтарды сомдау, хәлін өзгерту, жақсыға ұмтылу, ізгіліктің өзіне оралу мақсатында өзінің рухын үнемі бақылап отырады. Ал бақылаудың өлшемі де Құран. Өйткені, «өзінді-өзің бақылау» және «сырттан бақылау» екеуі бірінсіз бірі болмайтын шарттың екі компоненті. Жүрек өзінің ақыл, жан және мен сипаттары арқылы әлемдегі болып жатқан өзгерістермен үндестік құра алатын дәрежеге жетуге ұмтылады. Бұл әрекет толығымен моральдық-практикалық жаттығу арқылы мүмкін болатын нәрсе» [7, 97-б.], – деп жазды.

Ахмет Ясауи хикметінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жету үшін қажет білім игеруі керек. Бұл білімнің қайнар көзі – хикмет. Хикметте адам жаратылышы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсететін, көркемдігі ең жоғарғы кейіпте жаратылған болмыс екені көрсетілген. Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады. Адам – кіші ғарыш болса, рух, бүкіл әлем, болмыс – тұтас ғарыш, Алланың аяттары, белгілері. Адам – рух әлемінде Алламен болған сұхбат-антты бұзбай Зікір (еске алу) арқылы үнемі есте сақтаушы. Ахмет Ясауи іліміндегі зікір, уажд (экстаз), сама сияқты әдістер Алламен болған сертті ұмытпау үшін қолданылған. Адамның ұмытшақ (инсан) екенін ескергенде, Құрандағы бір зікір – адамдық болмысты толықтырып, кемелдендеріп отыратын әдіс. Осы тұста белгілі «қалу бәла» серті («...мен сендердің Жаратушың емес пе едім») деген Тәнірдің сұрағына рухтардың: «Йә, әлбетте» деген жауап-серти мен рух әлеміндегі онтологиялық-тыстық бірліктің адамзат баласы арасында сакталып осы кезге жалғасуына деген ұмтылыс, тілек жатқандығы байқалады. Ахмет Ясауи сопылық дүниетанымға тән бұл теориялық-тұжырымдамалық ұстанымды көне түріктің дүниетанымы негізінде жаңғырты.

Қазақ Исламның кейбір тағам түрінен бас тарту, ғұрыптық тазалық, адамгершілік қағидасы сияқты шартын мұлтіксіз орындауға дағдыланды. Көпшілік өтірік-өсекке, адамды ғайбаттауға жол бермеу және жалғыз басты, ауру-сырқау немесе кемтар адамдарға жәрдем беруге басты назар аударады. Сол заманнан бері қол жайып, бата беру толық қалыптасты. Қазақта Алланың ұлылығын мадақтайтын «Алла акбар» («Алла ұлы»), «Бисмилля!» («Алла атымен») деген тіркестер бүгінде тұракты әрі жиі айтылады. Олар діни өмірдің сан саласында: әулиені пір тұтуда, отбасы-турмыстық қатынас саласында, отбасылық

өмірдің ғұрпына байланысты (үйлену, нәрестелі болу, сұндетке отыргызу, өмірден қайту) қалыптастып сақталды.

Құл Ясауи ілімінің мақсаты: «Адамның ішкі тыныштыққа жетуі арқылы қоғамда тұтастық пен тыныштық орнату». Ясауи адамның ішкі әлеміндегі ыдырауды реттеуге ықпалды күшті уағыздады. Ол – Тәнірге деген махабат. Ахмет Ясауи ілімінен нәр алған Абай да: «Махабатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй Ол Алланы женнан тәтті» деп жырлаған. Қазақтың Әлемдегі орны діни түсінік, дүниетаным мен рухани-материалдық құндылықтар арқылы анықталады. Олар – «сенім», «дәстүрлік», «төзімділік» және «ғашықтық». Бұл төрт ұстаным Ахмет Ясауи іліміндегі «заман», «макан», «ихуан» және «рабти султан» ұстанымдарымен тікелей әрі өзара тығыз байланысты.

Ясаудің сопылық ағымы Ислам тарихында дінді қабылдаудың, ұғудың ерекше түрі ретінде пайда болып, ресми діндегі (калам мен фикх) қасандыққа қарсы бағыт болып қалыптасты. Бұл ілім түрік дүниетанымының әмбебаптық категориясына сай дамыды. Ахмет Ясауи Тәнірді жазалаушы, қорқыныш иесі түрінде емес, Тәнірді сую және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллаға махабатпен қауышу-ұласу әдісін қалыптастырыды. Сопылық дүниетанымда Алла – ғашық (суюші), мағшүк (сүйілуші), сол ғашықтықтың өзі болды. Нәтижесі: Ясаудің негізгі мұраты – Тәнір мен Алла егіз ұғымға айналды. Ахмет Ясаудің сопылық ілімінің құндылығы сонда, «Тәнір» мен «Алла» жүп ұғымы қазіргі заманға жүбін жазбай бірге жетіп, жарыса қолданылады. Бұғінгі күні мұсылман қазақтың «Алла» десе, ойында «Тәнір», ал «Тәнір» десе, ойында «Алла» тұрады. Қазақ Жаратушыны екі тілде ұлықтайды.

Ахмет Ясауи іліміне сай, Тәнір табиғатты адам игілігі үшін жаратты. Ясауи барлық әлемнің адамға сәжде етіп түрғандығын уағыздады. Барша жаратылғанның жаратылу мақсаты – адам мен оның игілігін қамтамасыз ету. Ясауи ілімінде Табиғат өзінің жаратылу мақсаты мен мәнін толық біледі. Табиғатқа бұл қызыметті Тәнір бергендейктен, оның еркі Тәнірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәнірдің алдында жауапқа тартылады. Ясауи ілімі: «Сол ерікті қалай қолдансақ адамдық мәнге жетеміз, Тәнірге лайықты құл боламыз» деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәннің ақиқатын табу, өзін-өзі тану жолы.

Қожа Ахмет Ясауи басты назар аударған келесі мәселе – ұлттық рәміз [21; 22; 23; 24]. Ұлттық рәміз адамзаттың рухани жасампаздығы

мен шығармашылығының барлық сатысын қамтиды, оның көмегімен ұлттың сан үрпағының арасында ақпараттық қатынас алмасу жүзеге асады. Рәміз – бір халықтың рухани және материалдық мәдениетінің болмысы. Адамзат баласы семиотикалық таңбалар арқылы әрбір құбылысты қабылдап, оған баға беріп, көзқарасы мен ойын білдіре алады. Рәміз – адам өмірінің шынайы мәнін анықтайтын рухани құрал. Рәміздің мазмұнын ашу – адамның өзімен-өзі тұтастықта болатын рухани кеңістігін ашу. Адамзат баласы рәміз арқылы санғасырлық мәдени мұрасын, рухани құндылықтарын және дәстүрін бейнелеп, ұлттың дәстүр сабактастығын сақтайды.

Шейх Ясауи кесенесі және ондағы жәдігерлер адам баласының қолынан шыққан ортағасырлық сәулет және бейнелеу өнерінің тажайып туындысы. Мазар ертеден келе жатқан жергілікті құрылыс дәстүрін сол заманың озық жетістіктерімен үндестіре салынған. Көнеден жеткен жергілікті материалдық және рухани құндылықтар исламдық мән-мазмұнмен байытылып нұрланып, әлем таныған жалпыадамзаттық құндылыққа айналды. Нәтижесінде рухани дәстүр сабактастығы тарихи құрылыс ескерткішінде де айқын сақталды.

Ясауи іліміндегі рәміз туралы А. Мейірманов: «Қожа Ахмет Ясауи – жалпытүркілік мәдени және дүниетанымдық кеңістіктерінде ішкі тұтастықты қалыптап, исламдық құндылықтарға негізделген философиялық-этикалық ар-оқдан ілімін жүйелеген рухани тұлға» [23, 103-б.], – деп жазды.

Аңызға сай, Әмір Темірдің шеберлерді жаулап алған жерлерден алып келгені айтылады. Шеберлердің ортақ іске жұмылуына Ясаудің сопылық ілімінің елеулі ықпалы айқын. Шеберлердің еліне, ұлттына қарамастан, олар жасаған туындылар жергілікті құндылықтарға, ұлттық рәміздік белгілерге және архетиптерге негізделген. Ясаудің рухани ілімнің құдіреті сонда, ол санғасырлық рухани құндылықтарды жаңғыртып Исламдық мәнге толтырып, әр алуан елден келген көптеген адамды ортақ мақсатқа жұмылдыра білді. Шеберлер түрлі мәдениет пен ұлт өкілдері болса да, кәсіби шеберліктерін рухани іліммен байыта қолдану арқылы жалпыадамзаттық мәні бар туынды жасап шығаруы руханияттағы әмбебаптық көрсеткіші. Мәдениет – құндылық пен мән-мағына әлемі болса, ал символизация – адамзат мәдениетінің табиғи байланысы және оның ұғымы мен дамуын ашатын процесс.

Жалпы, қазақы мұсылмандық түсініктің негізінде сопылық ілім жатыр. «Менің хикметтерім Құран мәні» – деген Ясаудің сопылық ілімі мен мәдениеті қазақтың тарихи санасында толық сақталған.

Сондықтан, қазақ мұсылмандығы Ахмет Ясауи сопылық ілімі арқылы Құранга негізделген.

Қазіргі өтпелі шакта қоғамымызда идеялық, танымдық, психологиялық және діни жаттану процесі жүріп жатыр. Жастар өзіміздікі десек те, танымы жат, қафидасы (діни сенім жүйесі) бөтен сырттан келген дәстүрлі емес діни ағым өкілдері іштеп жік шығарып жүр. Олар қоғамымыздың діни сауатының төмендігін, біздердің Ханафи мазхабын, тіпті дінімізді білмейтінімізді және еліміздегі экономикалық қындықты шебер пайдаланып жатыр. Профессор Д. Кенжетаев: «Өкінішке орай, бұған оны мақсатты түрде басқаша түсіндіріп, танытуға тырысушилық тенденциясы жоқ емес. Бұған қоғамдағы дін мәселесі, діни таным мен ғылыми таным арасындағы үйлесімділік пен тепе-тендіктің болмауы себеп болса, екінші жақтағы, яғни бұғінгі қазақ мұсылман өкілдерінің өздерін қоғамға тиісті дәрежеде түсіндіре алмауы және олардың Ахмет Ясауи мәдениетін жетік менгермеуі де осы құбылыстың басты компоненті дер едік. Бұқаралық ақпарат құралдарының дін мен саясат арақатынасына немкұрайлы қарауы және дінді жекелеген топтардың құралына айналдыруы да негізгі фактор» [7; 8; 9], – деп жазды.

Қоғамымызда аруақ, әулие, сопылық зікір арқылы қалыптасқан дәстүрлі қазақ мұсылмандығы түсінігін «Исламға жат дүниетанымдағы жеке ағым» ретінде көрсету орын алып барады. Бұл туралы профессор Д. Кенжетаев: «Қазақтың дәстүрлі діни түсінігін сынап, оның негізгі ұстанымдары мен идеяларын жоққа шығару әрекеті Құран мен хадис шеңберінде жүріп жатыр. Яғни, діни танымдағы әрбір ұғым, категория, символдар мен тұғырлардың Құранда орын алған алмағандығы негізгі өлшемге айналды. Бұл жерде тек салафилер ғана емес, исламдағы барлық ағымдар өздерінің негізгі өлшемі ретінде Құранды таниды [7; 8; 9], – деп жазды.

Қазір дәстүрлі ханафи мазхабын мойындармайтын, жаһандық саясаттың құралына айналған салафилік бағыттағы миссионерлер қазақ мұсылмандық түсінігін, оның ғасырлар бойы жиналып қалыптасып, болмысқа айналған танымын бұрмалап бағуда. Бұл – зияны мен зардабы кешегі коммунистік идеология жүргізген ұлтсыздандыру саясатынан да асып түсетін қасірет. Салафилер қазақты бұғін ғана мұсылмандық қабылдаған ел қылыш көрсетіп, ал өздері жалпы ислам атынан, кейде тіпті Алланың атынан сейлеп, қазақ халқын қалыптасқан дәстүрлі діни сенімі мен танымынан айыруға әрекет жасап жүр. Олар қазақтың сан ғасырлық тарихы мен діни

тәжірибесін жойып жіберуді мақсат тұтқан. Бұл – революциялық тенденция. Ал, салафилер исламның рухында революция емес, эволюцияға бар екендігін елемейді. Олардың ойынша, бүгінгі қүнгі қазақы мұсылмандық түсінік – пұтқа табыну. Шындығын айтсақ, олар өздерін жоғары санап, біздің дүниетанымымыз бен діни-рухани түсінігімізді менсінбей, сыйламай жүр әрі оған ашық сын айтып, жастарымызды теріс баулуга батылдары жетіп жүр. Бұл туралы профессор Д. Кенжетаев зерттеуіне сай мағлumat береміз [9, 1–1-б.].

Бірінші сын (ғибадаттың мәні мен формасы туралы). Исламда ғибадаттың формасын анықтайтын да, ғибадат етілетін де тек бір Аллағана. Ислам негізі бойынша адамзат баласы Алланы ұлықтау, оған табыну үшін жаратылды. Әр дінде құдайға табыну формасы әр түрлі. Исламда табыну формасын, уақытын ритуалдық негіз ретінде анықтаған Мұхаммед пайғамбар. Қазақ ұлты ғибадат феномені шеңберінен асқан жоқ. Ғибадаттың формасы мен уақытын сол күйінде қабылдады, шаригатты негізге алды. «Алладан басқа табынар ештеңе жоқ» (Ла мағбуда илла Алла) деп зікір салады. Ғибадаттың мәні мен маңызын, мақсаты мен негізгі идеясын терең түсінді. Олардың рухани жаттығулары ғибадатқа барап жолдағы рухты әр түрлі кедергілер мен алаңдаушылықтан арылтудың тәсілі. Әрбір зікір, сама адам жүргегін шынайы ғибадат етуге дайындал, Алла мен адам арасындағы байланысты күшетудің құралы, әдістемелік жүйенің тұғыры.

Екінші сын (сопылық ілімінің пайғамбардың сұннетіне, формасына, шаригатқа сәйкестігі немесе қайшылығы туралы). Салафилер зікір салу (Алла, Алла, ху, ху) өлең, ракс, сама, шан, рубаб – күнәшарлық деп қарайды. Бұлар бидғат, яғни дінге кейіннен енген жаңашылдық. «... Азықтың ең абзалы – зікір. Қажылықта да мені еске алындар». «Аталарыңызды еске алғандай мені еске алындар», «Қауіптен құтылғаныңызда білмегендерінізде үйреткен Алланы еске алындар». Жер мен Көктің жаратылуы, күн мен тұннің ауысып келуі туралы отыrsa да, жүрсе де, жатса да ойлағандар Алланы еске алғандар. Кек пенен жердің жаратылысын ойлағандар: «Ей, Жаратушымыз, сен бұларды мәнсіз, мақсатсыз жаратпадың. Сен ұлысың. Бізді тозақтың азабынан сакта деген көніл иелері үшін айғаттар бар». Сондықтан, зікір – Алланы еске алу, Алланың бұйрығы. Шаригатта бар.

Ислам тарихында би мен музыка харам деушілер болған. Бүгін олардың сыны мен міндері құнсызданды. Бүгінгі дін ғылым ретінде өткенге қарағанда айтарлықтай дамыған. Діни таным табиғаты

жағынан курделі әрі уақыт пен кеңістік, дүниетанымдық көпқабаттылықты да өз ішінде қамтиды. Ислам ешқашан музыканы жатсынбаған. Исламда музыка – өмірдің өзі. Жаратылыс музықадан басталған. Исламда, жалпы әлемде музыканың ғылыми және философиялық теориясын зерттеуді Отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби бастап жүргізгені белгілі. Қожа Ахмет Ясаудің музикалық тұжырымының негізі Фарабидің саз философиясы. Ракс – ритуалдық би, сама – діни әуен тыңдау, Алланы еске алудың, рухани шабыт шақырудың әдістері.

Жалпы сопылық ұғым пайғамбар заманында да және одан бұрын да болған. Ислам бұл ұғымның ішкі мәнін толтырды. Сопылық ілім өз тамырын Құраннан алды, Құранмен жасап, Құранмен дамыды. Бұған талас болмайды. Әрбір діни мәдениет өзінің қасиетті кітабымен ерекшеленетіні белгілі. Батыс мәдениетінің негізінде Інжіл болса, ислам мәдениетінің негізінде Құран бар. Ислам философиясы, мәдениеті мен өркениетінің ең басты қыры саналатын сопылық ілімнің негізі – Құран. Сондықтан, сопылық ғылым ұстағандар үшін ең маңызды Құран Қарімнің бүйрығы, көрсеткен жолы мен ұсыныстары. Құран – қазіргі Қазақстанда сопылық бағыт ұстаған мұсылмандар үшін мәні мен маңызы, орны мен рөлі бірінші орында тұратын Алланың каламы әрі сөзі. Заманында Қожа Ахмет Ясаудің сопылық ілімінде Құранның әсері ең басты әрі маңызды фактор болып қалыптасқан.

Бұғынгі күні сопылыққа сын айтуши салафілер: «Кешегі коммунистік идеологияның желісінде, оның исламға үйлеспейтін қырлары көп дейді». Мысалы, қазақтың мұсылмандық түсінігінде Алла мәні жағынан бар жерде, ал салафілер бұл түсінікті Құранға сәйкес емес деп таниды. Бұл туралы профессор Д. Кенжетаев: «Бұл сынға Құран аяттарымен жауап берер болсақ: «Көкте де, жерде де – Тәңір – Алла». 43/84. Бұдан басқа Алланың ал-Ахир, ал-Захир, ал-Аууал, ан-Батин т.б. есімдері бар. Осыған қарап-ақ жоғарыдағы сынның негізсіз екендігін көруге болады», - деп жауап береді.

Қазақтың мұсылмандық түсінігінде Алла бұл әлемді Мұхаммед үшін жаратты. Ал салафілер болса, бұл түсінікті де Құранға сәйкес келмейді, деп таниды. Фалым Д. Кенжетаев: «Алланың өзі Мұхаммедті адамзаттың тәжі десе, әлемді Алла адам үшін жаратса, адамзат үшін рахмет ретінде жіберілген Мұхаммед пайғамбар болса, бұл сөздің Құранның мәніне сәйкес келмейтін ештеңесі жоқ. Алла, бұл дүние де, о дүние де маған тән (ал-Лайл, 13). (Зариат, 56) – Мен жындарды, адамдарды маған құлшылық етсін деп жараттым», – деп жауап береді.

Қазір салафилер «Қазақтың діни түсінігіндегі әулиеге құрмет, моланы қастерлеу, өлікке ескерткіш орнату, тұмар тағу – олардың исламға әкелген бидғаттары» деп қарайды. Шындығында, бұл айтылғандар салафилер мен уаххабилердің өзгермейтін танымынан, қағидашыл ұстанымынан пайда болған сын. «Тәңір мен Алла» егіз ұғымы туралы салафилер «Ясауи ілімі ең үлкен ширк, яғни көпқұдайлық негіздегі исламға жат, таухидтен алыс діни таным» деп сын тағады. Бұған біздің беретін жауабымыз: «Салафилер «көпқұдайлық негіздегі» деген сөзінде Әлемде Жаратушының бір екендігіне күмән тудырады. Жаратушы жалғыз – барша адамға, барша халыққа ортақ. Ол – құдай. Тек, әр халық өзінің тілінде құдайды әртүрлі атайды. Мысалы, қоңе еврейлер – Иллах, арабтар – Аллах, ал түріктер – Тәңір, деп атайды. Жаратушы түрлі аталғанымен, құдай біреу. Салафилердің Жаратушы жалғыз екенін ұғатын кез келер, сонда олар бізді сынауын қояр. Біз қазақ болсақ, Жаратушыны құрметтеп, екі тілде ұлық тұтамыз.

«Уаххаби» ағымы, өз өкілдерінің мақсаты, көзқарасы мен іс-әрекетіне сай, қоғамдық әрі саяси мәнді діни ағым. Олар тарихта доктринасы мен мақсатына сай «Алланы бірлеушілер» (муаххидун), пайғамбар жолындағы (салафиуун) не уаххабтың жолындағылар (уаххабиун) деген атпен белгілі. Ағымның қалыптасуына сол замандағы қоғамдық, экономикалық, діни және саяси жағдайлар себеп болды. Ағымның негізін XVIII ғасырдың ортасында орталық Арабстанда Нажд және ал-Хаса аймақтарында қозғалыс жетекшісі Мұхаммед Ибн Абдулауахаб салды. Бұл ағым, негізінен араб ұлтшылдығын және Осман империясынан азат болу идеясын ту етіп көтерді. Ағымның басты мақсаты жеке-жеке тайпадан құралған барша арабтың басын қосып, бір идеологияға, ортақ мұддеге біріктіру, ұлттық мемлекет құру болды.

Уаххаби қоғамдағы құбылыстар мен діни, философиялық мәселелерді терең талдамайды, бір жақты тұжырым, үкім береді. Олар үшін Құран мен Суннадан кейін Ибн Таймийа мен Ибн Жаузийа еңбектері кодекс ретінде қабылданады. Бірақ, бұл ғылымдарды да дұрыс түсініп, менгере алмағандары белгілі. Мұхаммед Ибн Абдулауахаб өз ағымын, қозғалысын «дінді тазалау», яғни пайғамбар заманына оралу мақсатымен ұйымдастырды.

Олар пайғамбардың, әулиелердің қабіріне зиярат ету Аллаға жеткізуші құрал (тауассул), Аллаға серік қосу (ширк) санайды. Олар тым қағидашыл. Мысалы, «Ясауидей әулиенің құрметі үшін мына

дұғамды қабыл қыл» десең, сен – діннен безгенсің (мушриксің). Абдулуаххаб «Құран мен Сунна» басқа да негіздерді қабылдайтын мазхабтарды дінге жаңалық қосу деп (бидғат) күстаналайды. Ал, өздерін түсінгісі келмегендерді надан (жахил), олардың сеніміне кірмегендерді (дінсіз) деп қарайды. Абдулуаххаб біздің ханафи мазхабымызды «кафирлердің мазхабы» деп есептейді.

Уаххабилер, мақсаты мен іс-әрекетіне сай, олардың басты дұшпаны – мұсылмандар. Таухид ұстанымы христиан, йаҳудилерге сәйкес келмейді. Сонда да мұсылмандарға қылған әрекеттерін оларға қыла алмайды. Олардың иман мәселесі бойынша айтқан идеялары, жолдары мұсылмандар арасында түрлі қайшылыққа апарып соғуда. «Уаххаби» – қазақ жерінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ел-жұрт қабылдаған дәстүрлі ханафи мазхабына қарама-қайшы көзқарастағы ағым. Біздің салтымызда қалыптасқан өмірден өткендерге, рухына Құран бағыштау, тариқат, қабірді зиярат ету, оларға белгітас орнату – Исламға жат деп уағыз айтушылар көбейді. Бұл қайшылықтар келеңсіз жайларға апарып соғуда. Музыка, театр, өнер, тұған күн тойлауды харам, күнә деп есептейді. Бұл айтылғандар уаххаби ағымындағылардың ұғымында Аллаға серік қосу (ширк) және дінге жаңалық қосу (бидғат).

Исламның иман, намаз, ораза, зекет және қажылық шарттарына басқа өзгеріс енгізуге болмайды. Мысалы, бес уақыт намазды, алты уақытқа не екі уақытқа өзгертуге болмайды. Осы негіздерге өзгеріс енгізілсе, ол, бидғат болады. Ал, қазактың мұсылмандық түсінігінде, ісінде ешқандай бидғат жоқ. Мысалы, Мұхаммед пайғамбарымыздың тұған күні (мәулід), тәспі (тасбих), салауат (тахлил), Алланы еске алу (зикр), көркем үйде тұру, жана техниканы пайдалану және т.б. Ал, Уаххабилер болса, пайғамбар дәүірінде болмағанның бәрін теріске шығарады. Оларды тұтастай бидғат деп қарайды.

Шынайы Ислам адамның рухани кемелденуіне, материалдық дамуына қарсы шықпайды. Адам ашқан жаңалыққа Алла сүйіспеншілік танытады. Құран мен Суннаға, оның талаптарына сай келетін нәрсенің бәрін Ислам «ғұрып» (көркем, әдемі) дейді. Барлық мұсылманның қабылдаған ісі Алла тарарапынан да қабылданады (Хадис). Егер біз Пайғамбар дәүірінде болмаган деп, Суннитке сай емес деп, бүгінгі ғылым мен ислам ғылымынан тафсир, хадис, араб тілінен (сарф, наху) бас тартсақ, мектеп, медресе, университетке бармасақ, бұл таза исламның рухына жат нәрсе. Ислам қатып қалған қағида емес. Ол адамды, әсіреке мұсылмандарды кемелдену мен

дамуга бастайтын, қияметке дейін үкімі жүретін Алланың соңғы діні. Мысалы, Пайғамбарымыз баста қабірді зиярат етуге тыйым салды. Кейіннен пүтқа табыну тоқтаған соң, ислам мұсылман жүргегіне ұялаған соң, қабірді зиярат етуге рұқсат еткен. Пайғамбарымыз: «Мен сіздерді қабірлерді зиярат етуден тоқтатып едім, енді қабірді зиярат ете беріндер, өйткені онда сіздер үшін ғибрат бар» деген.

Бұл арада Д. Кенжетаевтың: «Исламның өмір философиясы қоғамның әрбір мүшесінің ең ұлы кісілік, құндылық иесі болып қалыптасуына, адамды сүюге, әділет, адалдық, басқа дінге құрмет пен төзімділік түсінігін еgetін дін деп түсінеміз» деп тұжырым жасауы елімізде қазақ мұсылмандығы түсінігі жеткілікті деңгейде қалыптасқанының, орныққанының белгісі. Сондықтан исламның тарихын, жүріп өткен жолын, осы жолдағы ата-бабаларымыздың ислам өркениетіне қосқан үлесін танып білу әрбір мұсылмандың деген қазақтың парызы. Ал, біз, зерттеушілер ұлттық тәуелсіздігімізді баянды ету мақсатында қоғамдағы әрбір жас адамға жалпы адамзаттық құндылықтарды, исламның негіздерін уақыт пен кеңістік талабы шеңберінде түсіндірумен қатар, исламдағы зиянды ағымдардың негізгі стратегиясын, мұддесін де қоғамдық пайда тұрғысынан ашып көрсетуге міндеттіміз.

Қазақ мұсылмандық түсінігінің негіздері теріске шығарылып жатқанда, жастар арасында: «Шындығында ата-бабаларымыз қай ислам дініне сенген» деген психологиялық танымдық қобалжу тууы да мүмкін. Әлемдегі бүтінгі жаһандануда жекелеме ағымдардың қазақы сопылық ілімге қарсы шығуы – Қожа Ахмет Ясауиге, дүниетаныммызға, мәдениетімізге, жалпы алғанда қазақ халқының тарихына қарсы шығуы, деп түсінуіміз керек. Олай дейтініміз, Ясауиден бастап Асан Қайғы, Мәшіһүр Жүсіп, Абай, Шәкәрім сынды Даға даналары сопылық мәдениет үлгісінде ойын толғап, жырын төкті. Бұл – қазақтың дәстүрлі мұсылмандық түсінігінің айнасы – сопылық философия. Шындығында, бүтінгі күні қоғаммызды қазақы мұсылмандық мәдениеттің маңызы мен атқаратын қызметі жоғарыламаса, төмендеген жоқ.

Ясауидің даналығы мен ол құрған сопылық ілімнің кемелдігі арқасында қазақ мұсылмандығы түсінігі рухани дәстүр түрінде қалыптасып, ұлттың рухани бірлігі мен тұтастығының кепілі болды. Қожа Ахмет Ясауи қазақ мұсылмандық түсінігінің негізін қалауда «қазақ халқының дүниетанымы, мәдениеті және дәстүрі ұлы Даға табиғатына, ондағы көшпелі түріктің өмір салтына сай қалыптасқанын

және дамығанын» негізге алды. Сондықтан, Ясауи ілімін ұлттық тарихымыздың рухани тағылымы деп те қабылдаймыз. Қазақ ұлты Ислам діні аясында мұсылман халқы болып қалыптасса, қазақы мұсылмандық түсінік Ясаудің сопылық ілімі арқылы қалыптасты.

Ахмет Ясаудің сопылық ілімі – қазақы мұсылмандықтың алтын өзегі. Кесене – түрік әлемінің рухани бесігі. Оны қазақ жұрты, түрік әлемі қасиет тұтады. Ол барша Әлемнен зиярат етушілер келетін қасиетті орын. Қазақ елі Ахмет Ясауді «Хазірет Сұлтан» – «Қасиетті Сұлтан», деп құрметтеп, ал Түркістанды екінші Мекке деп атады. Түркістан – барша түріктің Отаны.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ахмет Ясауи сопылық ілімі ортағасырлық қазақ жерінде түрік әлемінің Ислам дінін қабылдау барысында уақыт талабы мен түрік халықтарының талғамына толық сай келген рухани құбылыс болды. Сопылық ілім арқылы Түріктік дүниетаным мен наным-сенім Исламдың мазмұнда қайта жаңғырып, ұлттық рухани сабактастық толық сақталды. Ясауи қазақтың рухани жан дүниесін Ислам нұрымен байытты. Нәтижесінде, қазақ мұсылмандығы түсінігінің негізі рухани дәстүр түрінде қалыптасты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иасауи К.А. Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. – Алматы: Жалын, 2002. – 272 с.
2. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. /Ауд. Ж.Әбдірашев. – Шымкент, 1993. – 109 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6 том (қ-н). /Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазак энциклопедиясы, 2004. – 696 б.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. – 592 б.
5. Нысанбаев Ә. Қожа Ахмет Иасаудің дүниетанымы мен философиясы /Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 136 б.
6. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. – Түркістан, 2004. – 341 б.
7. Кенжетаев Д.Т. Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. //Док. дисс. – Алматы, 2007. – 259 б.
8. Кенжетаев Д. Исламдағы діни таным және оның ерекшеліктері //Ясауи әлемі. Түркістан: – 2011. – № 3–4 (8). 47–53-б.
9. Кенжетаев Д.Т. Иасауи мұрасы және қазақ мұсылмандық түсінігі. Дереккөз: <http://dinvko.gov.kz/kaz/press-sluzhba-2/bayandamalar-s-jlegen-s-zder/> 2014-06-iasauim-rasy-zh-ne-aza-m-sylmandy-t-s-n-g/
10. Кенжетай Д. Ханафи мазғабы және оның басты ерекшеліктері //Ясауи әлемі. Түркістан: – 2011. – № 2 (7). 3–10-б.

Р. Бейсетаев. Ахмет Ясауи ілімі: қазақы мұсылмандық түсінік – ұлттық...

11. Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.
12. Жандарбек З. Қожа Ахмет Йасауи және Йасауийа іліміндегі дүниеге келуі //Алаш. – № 1(34). 23–35-б.
13. Алтаев Ж. Қожа Ахмет Ясаудің сопылық ілімі. Қазақ философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 220 б.
14. Мырзабеков М. Суфизмнің моральдік-этикалық философиясы //Ясауи әлемі. Түркістан: 2010, № 1. 36–40-б.
15. Мейірманов А. Қожа Ахмет Ясауи мұрасының көркемдік рәміздік мазмұны. //Адам әлемі. – 2012. – № 4 (54). 34–43-б.
16. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: «Аркаим», 2001. 252 б.
17. Ошақбаева Ж.Б. Ясауи шығармашылығы дәстүрлі қазақ дүниетанымының негізі. //Ясауи әлемі. – Түркістан, 2011. – № 3-4. 79–87-б.
18. Шәфік Ә. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері – тәрбиелік құрал //Қазақстанның ғылыми әлемі. – 2012. – № 5. 69–72-б.
19. Бейсетаев Р., Жакин А. Иман және Ясауи іліміндегі жастарды имандылыққа тәрбиелеу мәселесі. //Ясауи әлемі. 2009. № 1 (1). 140–152-б.
20. Қорғанбеков Б.С. Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры. 2 бас., толыкт. және өнд. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 252 б.
21. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі./Құраст.: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С.Моллақанағатұлы және т.б. – Алматы, 2009. – 200 б.
22. Мұстаева Д. Асыл мұра – касиетті тайқазан. – Алматы: Арыс, 2008. – 200 б.
23. Мейірманов А.Д. Рухани дәстүр сабактастығының тарихи ескерткіштерде таңбалануы. /«Мәнгілік Ел» идеясы мен ұлттық идеясының әдебиетінде көркемдік көрініс табу дәстүрімен инновациялық жаңашылдық мәселелері» атты Қазақ ханд. құрыл. 550 жылд. арн. халықар. ғыл.-теор. конф. матер. З маусым, 2015. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 111 б.
24. Түркістан: Фотоальбом /Құраст. Р.Насыров. – Алматы: Өнер, 1993. – 200 б.

REFERENCES

1. Iasaýı Q.A. *Hikmet Haziret Sultan Qoja Ahmet Iasaýı*. – Almaty: Jalyn, 2002. – 272 s.
2. Iasaýı Qoja Ahmet. *Danalyq kitaby*. /Aýd. J.Ábdirashев. – Shymkent, 1993. – 109 b.
3. Qazaqstan. *Ultyq entsiklopedia*. 6 том (q-n). /Bas red. B. Aiağan. – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2004. – 696 b.
4. *Islam. Entsiklopedialyq anyqtamalyq*. – Almaty: «Arýna Ltd.» JShS, 2010. – 592 b.
5. Nysanbaev A. *Qoja Ahmet Iasaýidiń dünietanymy men filosofuasy* /Qazaq dalasynyń oishyldary (IX-XII ғғ.). – Almaty: Gýlym, 1995. – 136 b.
6. Kenjetai D. *Qoja Ahmet Iasaýı dünietanymy*. – Túrkistan, 2004. – 341 b.
7. Kenjetaev D.T. *Qoja Ahmet Iasaýı filosofuasy jáne onyń túrki dünietanymy tarihyndaǵy orny*. //Dok. diss. – Almaty, 2007. – 259 b.
8. Kenjetaev D. Islamdaǵы дині таным jáne onyń erekshelikteri //Iasaýı álemi. Túrkistan, 2011. – № 3-4 (8). 47–53-бб.
9. Kenjetaev D.T. Iasaýı murasy jáne qazaq musylmandyq túsinigi. Derekkóz: <http://dinvko.gov.kz/kaz/press-sluzhba-2/bayandamalar-s-jlegen-s-zder/ 2014-06-iasauim-rasy-zh-ne-aza-m-sylmandy-t-s-n-g/>

10. Kenjetai D. «Hanafi mazgaby jáne onyń basty erekshelikteri» //*Iasaýı álemi*. – Túrkistan, 2011. – № 2 (7). 3–10-bb.
11. Jandarbek Z. *Nasab-nama musqalary jáne túrki tarhy*. – Almaty: Daik-Press, 2002. – 168 b.
12. Jandarbek Z. Qoja Ahmet Iasaýı jene Iasaýıa iliminiń düniege kelýi //*Alash*. – № 1(34). 23–35-bb.
13. Altaev J. *Qoja Ahmet Iasaýidiń sopylyq ilimi*. Qazaq filosofıasy. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2017. – 220 b.
14. Myrzabekov M. Sýfizmniń moralidik-etikalıq filosofıasy //*Iasaýı álemi*. – Túrkistan, 2010, – № 1. 36–40-bb.
15. Meirmanov A. «Qoja Ahmet Iasaýı murasynyń kórkemdir rámizdir mazmuny». //*Adam álemi*. – 2012. – № 4 (54). 34–43-bb.
16. Orynbekov M.S. *Dýhovnye osnovy konsolidatsu kazahov*. – Almaty: «Arkaım», 2001. 252 b.
17. Oshaqbaeva J.B. Iasaýı shygarmashylygy dástúrli qazaq dünietanymanyń negizi. //*Iasaýı álemi*. – Túrkistan, 2011. – № 3-4. 79–87-bb.
18. Sháfik Á. Qoja Ahmet Iasaýı hikmetteri – tárbielik qural //*Qazaqstanňyǵylymi álemi*. – 2012. – № 5. 69–72-bb.
19. Beisetayev R., Jakin A. «Iman jáne Iasaýı ilimindegى jastardy imandylyqqa tárbiyeý máselesi». //*Iasaýı álemi*: 2009. – № 1 (1). 140–152-bb.
20. Qorǵanbekov B.S. *Qoja Ahmet Iasaýidiń "Diyami hikmeti" jáne qazaq folklogy*. 2 bas., tolyqt. jáne ónd. – Astana: Saryarqa, 2012. – 252 b.
21. *Qoja Ahmet Iasaýı kesenesi*. /Qurast.: ئاھمەت ئاسايى كەسەنسى. – Almaty, 2009. – 200 b.
22. Mustapaeva D. *Asyl mura – qasietti taıqazan*. – Almaty: Arys, 2008. – 200 b.
23. Meirmanov A.D. Rýhanı dəstür sabaqtastygynyń tarıhi eskertkishterde tańbalanýy. /«Máńgilik El» ideiasy men ulttyq ideiasyryń ádebietinde kórkemdir kórinis tabý dástúrinen innovatsualyq jańashyldyq máseleleri» atty Qazaq hand. quryl. 550 jyld. arn. halyqar. ýyl.-teor. konf. mater. 3 maýsym, 2015. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2015. – 111 b.
24. Túrkistan: *Fotoalbum* /Qurast. R.Nasyrov. – Almaty: Óner, 1993. – 200 b.

Özet

Küreselleşme çağında toplumların sosyal yapıları önemli ölçüde değişime uğramaktadır. Uluslar ve etnik grupların, kendi aralarında siyasi ve iktisadi iletişimleri esnasında manevi etkileşim de gerçekleşmektedir. Bu bağlamda etnik ve milli kimlik ve din, ulusal eğitim ve öğretim meseleleri ile etnoloji, etnografi, sosioloji ve felsefe de giderek daha önemli hale gelmektedir. Bu makalede, Hoca Ahmed Yesevi'nin Türk tasavvuf kültürünün ve ilminin temelleri ele alınmaktadır. İşte bu ilim, geleneksel Kazak Müslümanlık kavramının ve genel olarak Kazak Müslümanlığının oluşumunun temelini meydana getirmiştir. Ekseriyetle Türk toplumunda dini ve manevi dönüşüm, İslami ve milli görünüm, anlayış ve gelenek kavramlarının kullanılması gerçeği söz konusudur. Ayrıca Ahmed Yesevi tarafından kurulan geleneksel Kazak Müslümanlık anlayışının mevcut durumu hakkında da onun düşüncelerinden hareketle bilgi verilecektir.

Anahtar Kelimeler: Kazak yurdu, İslam dini, Hoca Ahmed Yesevi, Tasavvuf doktrini, Kazak Müslümanlık anlayışı, Tengri dünya görüşü, milli gelenek.

(Beysetayev R. Ahmet Yesevi İlmi: Kazaklara ait İslam Düşüncesi – Milli Dünya Görüşü, Gelenek ve Değerler)

Аннотация

В современную эпоху глобализации существенно изменилась социальная структура общества. Народы и этносы развиваются посредством взаимного духовного воздействия в ходе политico-экономических отношений. В связи с этим вопросы этноса и нации, познания и религии, национального воспитания и образования становятся актуальными для исследования в этнологии, этнографии, социологии и философской науки. В статье рассмотрены основы культуры тюркского суфизма Ахмеда Ясави. Эта наука стала основой формирования традиционного казахского понятия «ислам» и в целом казахского мусульманства. В тюркском обществе религиозно-духовные изменения реализованы через исламские трансформации национальных мировоззрений, понятий и традиций. Кроме того, описано современное состояние традиционного казахского понятия «ислам», созданного Ходжой Ахмедом Ясави.

Ключевые слова: Казахия, Ислам, Ходжа Ахмет Ясави, суфизм, казахское мусульманство, тенгрианское мировоззрение, национальные традиции.

(Бейсетаев Р. Учение Ахмеда Ясави: казахское понятие «ислам» – национальное миропонимание, традиция и ценности)